



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



## АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 "Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы" Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сескенбайұлының Шу ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 14 сәуірде сағат 10.00-де Шу ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залында өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 14 сәуірде сағат 11.30-да Шу ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залында өтеді.

Тасты ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 14 сәуірде сағат 15.00-де Абай атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 14 сәуірде сағат 16.30-да Абай атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Жуантөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 15 сәуірде сағат 11.00-де С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 15 сәуірде сағат 12.30-да Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Қыземшек кентінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 15 сәуірде сағат 16.00-де Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 15 сәуірде сағат 17.30-да Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебінде өтеді деп жоспарлануда.

Қабылдауға алдын ала жазылу 8 (72546) 4-16-36, 4-20-77, 8-702-913-20-77 байланыс телефондары және a.sozak@ontustik.gov.kz электронды пошта арқылы 2022 жылғы 14 және 15 сәуірге дейін сағат 9:00-ден 19:00 аралығында (түскі үзіліс сағат 13:00-15:00 дейін) жүргізіледі. Сұрақтар мен ұсыныс пікірлеріңізді жазбаша түрде Шу, Тасты, Жуантөбе ауылдық округтері мен Қыземшек кенті әкімі аппараты ғимаратында орналасқан жәшікке салуға, электронды форматта Созақ ауданы әкімінің <https://www.facebook.com/> парақшасына жолдауға болады.

## Үш жаңа Елші тағайындалды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үш жаңа Елшіні тағайындады, деп хабарлайды Egemen.kz.

Президент жарлықтарымен:

Тележан Тұрсынұлы Барлыбаев Қазақстан Республикасының Словак Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды, ол Қазақстан Республикасының Хорватия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымынан, Қазақстан Республикасының Босния және Герцеговинадағы, Черногориядағы Төтенше



және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарудан босатылды; Алтай Ибрагимұлы Әбдуллаев Қазақстан Республикасының Хорватия

Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына тағайындалды;

Алмат Дәкібайұлы Айдарбеков Қазақстан Республикасының Молдова Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына тағайындалды.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының жарлығымен Қазақстан Республикасының Украинадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дархан Аманұлы Кәлетәев Қазақстан Республикасының Молдова Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарудан босатылды.

## Мәжілісте биологиялық қауіпсіздік туралы заң жобасы мақұлданды

Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» заң жобасы мақұлданып, Сенат қарауына жіберілді, деп хабарлайды Egemen.kz.

Аталған құжат бойынша баяндама жасаған Дархан Мыңбайдың айтуынша, заң жобасын пысықтау барысында депутаттар құжаттың мазмұнын, жалпы сапасын жақсартатын түзетулер енгізді. Оның ішінде:

- биологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды, олардың құзыреттері мен өкілеттіктерін нақтылау бойынша түзетулер қабылданды;

- биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау тетіктерін жетілдіру мақсатында заң жобасы жедел ден қою шараларын қолдану тәртібін реттейтін жаңа баппен толықтырылды;

- ақпарат алмасу бөлігінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың бағамдықты мен бағыттары, оларды оқшаулау мен жоюға қатысу жүзеге асырылатын төтенше жағдайлардың түрлері нақтыланды;

- патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат беру, биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу және мониторинг тетіктері нақтыланды;

- биологиялық қатердің туындау және оларды жою жағдайларында



қолдануға арналған дәрілік заттарды, препараттар мен медициналық бұйымдарды жедел мемлекеттік тіркеу мүмкіндігі көзделген;

- патогенді биологиялық агенттерді жіктеу критерийлері нақтыланды; Адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің ауру жағдайларын биологиялық қатерлерге жатқызу мәселелерін реттейтін нормалар пысықталды.

Атап айтқанда, адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің ауруы бойынша нақты қандай статистикалық және есептік деректердің артуы елдің биологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіретіні нақтыланды.

«Сондай-ақ заң жобасының норма-

ларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер, редакциялық сипаттағы түзетулер енгізілді. Жұмыс тобының 20 отырысы, сондай-ақ бас Комитеттің 2 кеңейтілген отырысы өткізілді. Салыстырмалы кесте қабылданған 307 позициядан тұрады. Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді», деді Дархан Мыңбай.

Осыдан кейін депутаттар «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жіберді.

## «Отбасы банк» депозиттерді сату-сатып алу бойынша өтінім қабылдауды тоқтатты

«Отбасы банк» депозиттерді сату-сатып алу бойынша өтінім қабылдауды тоқтатты, деп хабарлайды Egemen.kz банктің баспасөз қызметіне сілтеме

жасап. «2022 жылдың 31 наурызы мен 8 сәуірі аралығында техникалық жұмыстар жүргізілетінін хабарлаймыз, осыған бай-

ланысты жаңа өтінімдерді қабылдау тоқтатылады. 2022 жылдың 31 наурызына дейін сатуға қойылған депозиттер 7 жұмыс күні ішінде 2022 жылдың 8

сәуіріне дейін шарттарды өзгертпей жүргізіледі», делінген хабарламада.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

## Парламентті күшейту

## Сенат

- Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10-ға дейін қысқарту (олардың ішінде 5-і ҚХА-ның ұсынысы бойынша). Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасын Мәжілістен Сенатқа беру.
- Сенат Мәжіліс қабылдаған заң жобаларын «қабылдамайды», керісінше «келіседі/келіспейді».
- Президент Конституциялық сот төрағасын, Жоғарғы сот кеңесі төрағасын тағайындау үшін Сенаттың келісімін алады



## Мәжіліс

- Мәжілісті 70/30 қатынасында (70% партиялық тізім бойынша, 30% бір мандатты округтер бойынша) аралас жүйемен (пропорционалды-мажоритарлық) қалыптастыру
- Мажоритарлық жүйе бойынша сайланған депутаттар үшін императивті мандат енгізу
- Мәжілістегі Қазақстан халқы ассамблеясының квотасын жою
- Есеп комитеті Жоғары Аудиторлық палата болып өзгереді. Палата төрағасы өз жұмысы жөнінде жылына екі рет Мәжілісте есеп береді

## Саяси партияларды тіркеу процедурасын жеңілдету

✓ Тіркеу шегін 20 мыңнан 5 мың мүшеге дейін төмендету

✓ Өңірлік өкілдердің ең аз санын 600-ден 200 адамға дейін азайту

✓ Партия құру үшін бастамашыл азаматтар тобының ең аз санын 1 мыңнан 700 адамға дейін қысқарту

✓ Филиалдарды құру мерзімін 6 айдан 1 жылға дейін ұлғайту

✓ Құрылтай съезін өткізу мерзімін 2 айдан 3 айға дейін ұзарту

✓ Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының, Конституциялық соттың төрағалары мен мүшелерінің партиядан міндетті түрде шығуы керек

✓ Әкімдер мен әкім орынбасарларының партия филиалдарында қызмет атқаруына заңнамалық тұрғыдан тыйым салу

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» десекте өмір сүріп жатқан қоғамда қазақ тіліміздің мәртебесіне нұқсан келтіріп жүргендерді көзіміз шалып жүр.

Тіл-қарым-қатынастың басты құралы, халықтың жаны, ұлттың жүрегі. Демек тілсіз қоғамның болмайтыны анық, тіпті тілсіз қоғамды көз алдымызға елестету мүмкін емес. Әлемде қанша ұлт болса- өзіндік ерекшелігі бар сонша тіл бар. Кез-келген мемлекеттің тілі, сол елдің айнасы іспеттес. Оған терең бойлап, үңіле қарасаң ұлттың мәдениетінен хабар аласың. Егер тілді біз ұлттық құндылық деп қарайтын болсақ, оның сан ғасырлар бойы сақталып келуі, қаншама та-

бірте-бірте ұмытылуына әкеліп соғады. Тіл-ұлттың басты байлығы, асыл жақұты.

«Үш тұғырлы тілді» меңгеру-еркіндіктің, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі дейді. Әрине бұл өте дұрыс. Ағылшын тілі әлемде ең көп таралған тіл екені айтпай-ақ белгілі. Ағылшын тілі көптеген мүмкіндіктерге жол ашып, жастардың дамуына зор үлес қосары сөзсіз. Технологияның дамыған заманында ағылшын тілінің Қазақстанның дамуына қосар үлесі зор. Алайда мемлекеттік тілдің назардан тыс қалмауына біз жол бермеуіміз қажет. Орыс тілінің де қазақ жерінде қаншалықты таралғаны, ол тілді толыққанды білмесең жұмыс тапшылығы мәселесінің туындайтыны шындық. «Бір тіл білсең - бір адамсың,

## «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!»

рихи кезеңдерді басынан өткерседе өзінің қасиетін жоймауы «құндылық» деп атауымызға негіз бола алады. «Тіл бар жерде қоғам бар, қоғам бар жерде тіл бар» дедік. Дегенменде ірі мемлекет болсада тілі жойылған, «мемлекеттік тіл» мәртебесі бола тұра жоюлудың сәл-ақ алдында тұрған тілдерде баршылық. Оның барлығы, яғни тілдің жоюылуы немесе сақталуы сол елдің халқына тікелей байланысты. Орыс жазушысы, белгілі этнограф В.И.Дальдің: «Тілде тұтас ұрпақтың ғасырлық еңбегі бар» деген сөзі халықтың тіл жолындағы етер еңбегі көп екенін байқатады.

Әр елдің туған тілі-өзінің ана тілі екені сөзсіз. «Ана тілің алпыс тілге татиды» деген қысқа ғана сөздің өзі ана тілінің қаншалықты қымбат, бағалы екенін аңғартып тұрғандай. Яғни, ана сүтімен тұла бойға дарып, сіңіп, кейінгі ұрпаққа атадан балаға мирас болып қалатын ұлттық мұра-тіл. Тілдің мәртебесін қорғау, оны аяқ асты етпеу, сол тілде сөйлеп, және оның одан әрі оның жандана түсуіне мемлекеттің әрбір халқы еңбек етуі тиіс.

Дәл қазіргі таңда қазақ тілінің ахуалы аса қуанта қоймайды. Себеп не?

Себеп еліміздегі қолданыстағы басқа тілдерге басымдықтың көбірек түсуінде. Бұл дегеніміз-басқада тілдердің қолданылуына деген қарсылық емес, тек қазақ тілінің өз мәртебесін сол қалпында сақтап қалу және оның біркелкі таза қолданылуына аса мән беруіміз қажет. Тіліміздің қолданыстан шығуы, ұлтымыздың, мәдениетіміздің, тарихымыздың

екі тіл білсең - екі адамсың». Көп тілді меңгергеннің білімі мен дүниетанымы да кеңейе түсетіні рас. Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің 70 ке жуық тіл білгенін, Абай атамыздың орыс тілін жетік меңгергендігіне тартып, сондай-ақ оның қазақ тіліндегі әдебиет әлеміне сіңірген еңбегі, жазған шығармалары, төккен тері әлі күге дейін қазақ халқына азық болып келеді. Бізде ұлы Абайша, туған тіліміз қазақ тілін алғашқы орынға қоюымыз қажет. Өзге тілдерді білу-қабілеттілік, ал өз тіліңді жетік, таза білу нағыз патриотизм деп ұғынуымыз қажет.

«Туған тілім тірлігімнің айғағы,  
Тілім барда айтылар сыр ойдағы,  
Өссе тілім мен де бірге өсемін,  
Өшсе тілім мен де бірге өшемін»-деп, Әбділдә Тәжібаев атамыз жырлағандай, тіліміздің өшуіне емес, керісінше тіліміздің өсуіне еңбек етсек деген ізгі ойды әрқашан жадымызда сақтасақ, бізден мықты ел болмас сіре.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, тілге деген құрмет-елге деген құрмет. Тілдің мәртебесі - елдің мәртебесі. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің мәртебесін жоғарылату біздің міндетіміз.

**Айгерім ӘБУБӘКІР,  
Қ.А.Ясауи атындағы Халықарлық  
қазақ-түрік университеті Филология  
факультетінің 4 курс студенті.**

Зайырлы қоғамымызда  
зорлық-зомбылыққа  
ЖОЛ ЖОҚ

Жуырда Түркістан қаласында Түркістан облысы әкімдігі қызметшілері мен бұқаралық ақпараттық құралдар өкілдеріне арналған, Біріккен Ұлттар Ұйымының қоныстануы саласындағы қорының (БҰҰХҚҚ) Ұлыбритания үкіметінің қолдауымен «Орталық Азияда гендерлік зорлық зомбылықтың алдын алу және оған қарсы әрекет етуді жақсарту үшін ұлттық әлеуетті күшейту» жобасына сәйкес семинар тренинг болып өтті. Арнайы жобаға сәйкес ұйымдастырылған іс шараға облыс көлемінен, яғни аудандардан зорлық зомбылыққа ұшыраған тұлғалардың мүддесін қорғайтын «Әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу қызметі» басшылары, мамандары, бұқаралық ақпарат қызметкерлері қатысып отырды. Екі күнге жалғасқан семинар тренинг барысында аймағымызда, елде орын алып жатқан отбасылық, басқа да зорлық зомбылық, қылмыстық, келеңсіз оқиғалар жөнінде сөз болып, талқыланды. Аталған ұйымның мықты, арнайы мамандары ғылыми түрде дәлелденген, сарапталған, зерделенген ақпарат, хабарламаларымен бөлісті. Ел ішінде, отбасылық, жеке тұлғаға, балаға, қыздарға, жасөспірімдерге, әйелдерге көрсетілетін зорлық зомбылықты болдырмау, алдын алу мақсатында түзілген іс шаралар талқыланды.

Түркістан облысы әкімінің орынбасары С. Қалқаманов, ЮНФПА бағдарламалық үйлестіруші Ғазиза Молдақұлова БҰҰ ның халықаралық қоры атынан сөз сөйлеп, семинар тренинг жұмысына сәттілік тіледі. Тренинг бағдарламасына сәйкес кіріспе блок, танысу және қатысушылардан күтілген нәтижелер жинақталды. Гендерлік зорлық зомбылықтың негізгі ұғымдары мен түрлері, Қазақстан Рес-

публикасының заңнамасы тұрғысынан зорлық зомбылық бойынша ЮНФПА кеңесшісі С.Сабитова баяндама жасады. Тренер психолог Е.Мұстафин., коммуникация бойынша сарапшы, тренер Ә.Назарбаева слайд арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, іс шараның негізгі түйінін, мақсатын айқындады. Түркістан облысында мүгедектері бар адамдардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, зорлық зомбылыққа ұшыраған адамдарды әлеуметтік-психологиялық қолдау орталықтарының жұмыс барысын түсіндіру, қызметшілердің жұмыс тәжірибесі бойынша Сарыағаш ауданының зорлық зомбылыққа ұшыраған тұлғалардың мүддесін қорғайтын «Әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу орталықтарының» басшысы М.Тарахтиев хабарлама жасады. Сонымен қатар, слайд арқылы түсіндіру, анықтау, сараптау жұмыстарын жүргізді. Семинар тренинг барысында журналистер де өз тараптарынан ой пікірлерін, ұтымды ұсыныстарын ортаға салды. Әрине әр саланың өз маманы болады. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған тұлғалардың мүддесін қорғайтын «Әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу орталықтарының» қызметкерлерінің жұмыстары қым-қуыт, оңай емес екендігіне көз жеткіздік. Қаншама біз біле бермейтін, көзге көріне бермейтін сұмдық оқиғалар орын алып жатыр.

Өркениетті ел боламыз, зайырлы қоғам құрамыз десек жеке адамдарға, отбасылық, балаларға, жасөспірімдерге, қыз балаларына жасалатын зорлық зомбылықты болдырмауға бірігіп, ел болып күресейік.

**Нұржамал МАЙУСОВА,  
Журналист,  
аудандық  
мәслихаттың  
депутаты.**

**АУДАН ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!**

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында ауылдық округтері мен кенттері әкімдерінің халықпен кездесулерінің кестесі**

| Қ/с | Елді мекен атауы        | Кездесу өткізілетін күні, уақыты  | Жеке қабылдау өткізілетін күні, уақыты, өтетін орны   | Қабылдауға алдын-ала жазылу  |
|-----|-------------------------|---|---|--|
| 1   | Шу елді мекені          | 08.04.2022ж сағат 11:00<br>Шу ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залы | <b>Шу ауылдық округі</b><br>08.04.2022ж сағат 12:30<br>Шу ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залы | Байланыс телефон 8 /72546/ 23-1-72<br>Электронды пошта shu.akimat@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Шу ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады             |
| 1   | Қылти елді мекені       | 08.04.2022ж сағат 11:00<br>ФАП ғимараты                                     | <b>Тасты ауылдық округі</b><br>08.04.2022ж сағат 12:30<br>ФАП ғимараты                                  | Байланыс телефон 8 /72546/ 23-9-58<br>Электронды пошта tastyakim@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Тасты ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады           |
| 2   | Тасты елді мекені       | 08.04.2022ж сағат 15:00<br>Абай ЖОМ   | 08.04.2022ж сағат 16:30<br>Абай ЖОМ   | Байланыс телефон 8 /72546/ 23-9-58<br>Электронды пошта tastyakim@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Тасты ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады           |
| 1   | Қоңыратарық елді мекені | 08.04.2022ж сағат 10:00<br>“Нұрмат” ШҚ                                      | <b>Жуантөбе ауылдық округі</b><br>08.04.2022ж сағат 11:30<br>“Нұрмат” ШҚ                                | Байланыс телефон 8 /72546/ 23-7-78<br>Электронды пошта zhuantobe_161004@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Жуантөбе ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады |
| 2   | Жуантөбе елді мекені    | 08.04.2022ж сағат 15:00<br>С.Сейфуллин ЖОМ                                  | 08.04.2022ж сағат 16:30<br>С.Сейфуллин ЖОМ  | Байланыс телефон 8 /72546/ 23-7-78<br>Электронды пошта zhuantobe_161004@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Жуантөбе ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады |
| 1   | Тайқоңыр елді мекені    | 08.04.2022ж сағат 10:00<br>Ауылдық клуб                                     | <b>Қыземшек кенті</b><br>08.04.2022ж сағат 11:30<br>Ауылдық клуб  | Байланыс телефон 8 /70046/ 7-93-54<br>Электронды пошта kizemshak-akimat@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Қыземшек кенті әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады          |
| 1   | Ақсүмбе елді мекені     | 08.04.2022ж сағат 10:00<br>Ауылдық клуб                                     | <b>Қаратау ауылдық округі</b><br>08.04.2022ж сағат 11:30<br>Ауылдық клуб                                | Байланыс телефон 8 /72546/ 38-5-53<br>Электронды пошта karatau-akimat@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Қаратау ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады    |
| 2   | Сарыжаз елді мекені     | 14.04.2022ж сағат 11:00<br>Сарыжаз ЖОМ                                      | 14.04.2022ж сағат 12:30<br>Сарыжаз ЖОМ  | Байланыс телефон 8 /72546/ 38-5-53<br>Электронды пошта karatau-akimat@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Қаратау ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады    |
| 1   | Раң елді мекені         | 08.04.2022ж сағат 10:00<br>Ауылдық клуб                                     | <b>Қарақұр ауылдық округі</b><br>08.04.2022ж сағат 11:30<br>Ауылдық клуб                                | Байланыс телефон 8 778 469 63 36<br>Электронды пошта karagur.akim@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады        |
| 2   | Шаға елді мекені        | 14.04.2022ж сағат 11:00<br>С.Бақбергенов ЖОМ                                | 14.04.2022ж сағат 12:30<br>С.Бақбергенов ЖОМ  | Байланыс телефон 8 778 469 63 36<br>Электронды пошта karaqur.akim@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады        |
| 1   | Қақапансор елді мекені  | 07.04.2022ж сағат 11:00<br>“Береке” ШҚ                                      | <b>Созақ ауылдық округі</b><br>07.04.2022ж сағат 12:30<br>“Береке” ШҚ                                   | Байланыс телефон 8 /72546/ 3-15-81<br>Электронды пошта n.armat@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Созақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады             |
| 2   | Ыбырай елді мекені      | 08.04.2022ж сағат 11:00<br>Құрманғазы ЖОМ                                   | 08.04.2022ж сағат 12:30<br>Құрманғазы ЖОМ   | Байланыс телефон 8 /72546/ 3-15-81<br>Электронды пошта n.armat@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Созақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады             |
| 1   | Қайнар елді мекені      | 07.04.2022ж сағат 11:00<br>А.Макаренко ЖОМ                                  | <b>Сызған ауылдық округі</b><br>07.04.2022ж сағат 12:30<br>А.Макаренко ЖОМ                              | Байланыс телефон 8 /72546/ 39-2-46<br>Электронды пошта syzgan39245@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады        |
| 2   | Басбұлақ елді мекені    | 08.04.2022ж сағат 11:00<br>Басбұлақ бастауыш мектебі                        | 08.04.2022ж сағат 12:30<br>Басбұлақ бастауыш мектебі  | Байланыс телефон 8 /72546/ 39-2-46<br>Электронды пошта syzgan39245@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады        |
| 1   | Аққолтық елді мекені    | 07.04.2022ж сағат 11:00<br>Ш.Уалиханов ЖОМ                                  | <b>Жартытөбе ауылдық округі</b><br>07.04.2022ж сағат 12:30<br>Ш.Уалиханов ЖОМ                           | Байланыс телефон 8 /72546/ 23-3-03<br>Электронды пошта jartytobe@mail.ru<br>Сұрақтар мен ұсыныс пікірлерді жазбаша түрде Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында орналасқан жәшікке салуға болады       |

(Жалғасы 6-бетте).

Иә, зымырап өтіп жатқан өмір. Осыдан аттай 4 жыл бұрын ауданымыздың, 2 жыл бұрын «Созақ үні» газетінің 90 жылдық мерейтойларын атап өткен едік. Міне енді сөйткен Созақ ауданының күні бүгінге дейін жеткен жетістіктерінің басты себепшісі, күәсі болған бірнеше алып кеңшарлардың 65 жылдық мерейтойлары екен биыл. Олар: Созақ, Калинин және Құмкент кеңшарлары. Міне, осылардың ішінде Калинин кеңшарының орыны ерекше. Әрине, кезіндегі Кеңес көсемдерінің бірі Калининнің атын иемденсе де Теріскейдің текті жұрты үшін кеңшар бабалардан қалған бір мирас секілді. Атауы өгей болғанмен, заты жақын. Осы ретте, сол кеңшар жайлы келешек ұрпақтың жадында да ерекше естелік қалдырайық деген оймен кезінде құрылтайшыларынан болған бірі тоқсанның төріне озған, екіншісі де сексеннің сеңгіріне шыққан Дадабеков Мәми және Жолдасов Оразбек қариялармен әңгіме дүкен құрған едім, сол сұхбатты назарларыңызға ұсынғалы отырмын:

**-Ал, біріншіден қарттықтарыңызға қарамастан, сырқаттарыңызды сылтауратпастан сұхбаттасуға келісім берген сіздерге рахметімді айтқым келеді. Екіншіден, қазіргі таңда ауыл ақсақалдарының алды өздеріңіз болып қалдыңыздар. «Көп өмір сүргеннен емес, көп көргеннен» сұра демекші, сүргендеріңіз де көргендеріңіз де көп сіздердің естеліктеріңіз еліміз үшін маңызды. Олай дейтінім, екеуіңізде барша кеңес заманындағы азаматтар секілді бала күндеріңізден бастап әуелі колхозда, кейін кеңшарда (совхоз) елеулі еңбек еткен жандарсыздар. Ендеше, оқырмандарымызға өздеріңіз жайлы, еңбек жолдарыңыз және өздеріңіз куә болған Калинин кеңшарының құрылуы мен ыдырауы жайлы айта отырыңыздар!**

-Мәми қария: Дұрыс айтасың, біз Орекең екеуіміз биыл ауданымыз 65 жылдығын атап өткелі отырған Калинин кеңшарының құрылуына да көз алдымызда ыдырап, күйреуіне де куә болдық. Бәлкім, 35 жылы кем бір ғасырға тең мерейтойын атап өткелі отырған кеңшарға «күйреуін» деген сөзді қолдануым оқырманға ерсілеу көрінуі де мүмкін. Бұл сөзіме қатысты сұхбат барысында ашықтама жасай жатармын. Әуелі, өзім жайлы және кеңшар құрылғанға дейінгі және кейінгі ауыл өмірі жайлы қысқаша айтып берейін. Мен, Дадабекұлы Мәми 1932 жылғы Шолаққорған ауылының тумасымын. 1954 жылы мектепті бітірген соң жоғарғы оқу орынына құжат тапсырып, түсе алмай қалдым. Содан, замандастарым Жұмабаев Тәжімет, Қарауылов Әуесхан секілді т.б азаматтармен бірге колхоз жұмыстарына тартылдық. Сөйтіп, бұрынғы Аэропорттың жоғарғы жағына соқа салынып, жыртылған жерге арпа, бидай және қонақ егілді. Біздің Қарасуан колхозының басшысы Атажанов Жолдас қария болатын. Ол уақытта МТС деген мекеме бар еді. Жолдасекең басқаратын ұжымның егісі сұмдық бітік шықты, бірақ оратын комбайнымыз ескі, бұзылып қалған. Өзге колхоздардың комбайны жұмыс істеп тұр, бірақ бермейді. Нәтижесінде, бітік шыққан егісті жинау біраз қиын болды. Мұны мен не үшін айтып отырмын, жеке-жеке колхоз болудың кемшілігі де осында еді. Яғни, ұжымдық мүдде қалыптасты. Әр колхоз тек өзінің пайдасын ойлайтын. Ал, кеңшар (совхоз) болудың артықшылығы сол болды, ортақ ұжымдық мүдде қалыптасты.

**-Мәке, биыл 65 жыл толып отырғандығына қарағанда Калинин кеңшары 1957 жылы құрылған болып отыр ғой. Маған мынаны айтыңызшы, сол уақытта жалпы ауданымызда неше ұжымшар (колхоз) болған және Калинин кеңшарын құру үшін неше ұжымшар біріктірілді?**

-Мәми қария: «Иә, сол 1957 жылы құрылды кеңшар. Оған дейін ауданымыз бойынша 41 ұжымшар болған. Солар біріге келе әр ауылда бірнеше ұжымның бірігуінен бір-



# Кешегі өмір,

бір кеңшар пайда болды. Ал енді, Калинин кеңшарын Бабата, Жартытөбе, Жұмысшы, Балдысу, Абай, Жеткеншек, Қарасуан, Қызыләскер және Калинин ұжымшарлары құрады. Содан, ә дегенде: «Бұл ұжымшарлар әу баста жеке азаматтардың мал-мүлкінен құралған. Сол себепті де ұжымшарлардағы бар мал-мүлік мүшелеріне үлестіріліп беріледі» деген әңгіме шықты. Елдің бәрі іштей қуанып қалды, бірақ, қуанышымыз ұзақ бармады. Ұжымшарлардың мал-мүлкі, техникасы адамдары секілді кеңшарларға өтті де кетті. Ол тұста ауданымыздың бірінші хатшысы Қоспанбетов болатын. Бір күні кеңшардың есептік жиыны өтетін болып, Қоспанбетовтың өзі келіп сөз сөйледі. Міне, сол сәтті пайдаланып Қоспанбетовке әлгі комбайн мәселесін көтеріп кеп жіберемін ғой. Ол кезде мен Атажанов Жолдасұлы қарамағында табель жазушы боп жұмыс жасайтынмын. Содан не керек, Қоспанбетов: «Мына баланың айтып отырғанының бәрі орынды, алдағы уақытта біз мұндайға жол бермеуіміз керек. Бұрынғы, ұжымшар кезіндегі түсініктен арылатын уақыт жетті. Мына баланы да құрылғалы отырған тексеру комиссиясына мүше етіп қосыңдар» деп жіберді. Тағы да аудандық газеттен келген редакторға қарап: «Мына баланың сөзін ертеңгі мақалаға қосып қой» деп тапсырма беріп жатты. Ол уақытта әлі жаспын, сөйлерімді сөйлесем де аздап сасып қалдым. Содан не керек, Оспанов Нұрмыш ағай бар, тағы бір кісі бар (есімі есімнен шығып тұрғаны) үшеуіміз тексеру комиссиясының мүшесі болып шыға келдік. Қазіргі мына Жаңа Қазақстан деп жатырмыз ғой, сол сияқты бұл кеңшарлардың құрылуы да ауданымыз үшін үлкен жаңалық болды. Жаңа құрылым, жаңа мүмкіншіліктер демекші, енді кешегі бастауыш білімімен колхозды басқарып келген қариялардың орынына «30 мыңдық» деген бағдарламамен оқып келген жас мамандар жұмысқа тартылды. Солардың алғашқысы Орынбаев, Кенжеғұлдар еді. Сөйтіп, Калинин атындағы кеңшардың алғашқы басшысы болып Малдыбеков Спағұл деген күнгейдің тумасы тағайындалды. Бірақ көпке бармады, кейін Қоспанбетов бір себептермен босатып жіберді дағы орнына Созақ кеңшарына жаңадан басшы боп барған Көшкінов Қарекенді (Қаратай) әкеп қойды. Ал, Қарекен оған дейін МТС-ті басқарған, іскер азамат болатын. Ол кезде анау-мынау адам МТС басқара алмайды, себебі, басшысын сонау Мәскеуде бекітетін.

Көшкіновті жалпы, Шымкенттің маңындағы Қарабұлақтың адамы дейтін.

**-Ореке! Өткенде, Асқар Сүлейменов мектебінде өткен ауыл әкімінің есеп беру жиынында аудан әкімі Мұхит Тұрысбековке Калинин кеңшарына, ауданымыздың экономикасына көп еңбегі сіңген екі азаматтың елеулі қалғанын айттыңыз. Бірі, осы Қарекен дағы, екіншісі сол тұста «Ленин» орденін алып, бірнеше рет Жоғарғы Кеңестің депутаты болған, озат шопан Байымбетов Қалы ақсақал еді. Жалпы, осы Қарекен жайлы өздеріңізге ұқсаған ауыл қарияларынан көп естіміз. Бірақ бірде-бір ретми ақпарат кездестірмейміз ғой. Сол кісі жайында айта отырыңызшы, мамандығы қандай, несімен іскер еді бұл кісі өзі?**

- Оразбек қария: «Өте орынды сұрақ қойып отырсың. Негізінен, Қарекеннің мамандығы агроном еді. Ол кісі Қалыекеңе ұқсап депутат болмағанмен көптеген орден, медальдардың иегері болғанын көзіміз көрді. Көшкіновтың ең басты жетістігі, ол кісінің тұсында малдың басы 72 мыңға жетті. Ол уақытта ауданымызда 10 кеңшар болатын. Олар: Құмкент, Жартытөбе (кейіннен Калининнен бөлініп шықты), Сызған, Созақ, Жуантөбе, Тасты, Шу, Қаратау және Энгельс кеңшарлары еді. Міне, сол Қарекен келгеннен соң Калинин кеңшары ауданымыз бойынша алдыңғы орынға шықты. Содан, 72 жылдары зейнетке шыққанша басшылық етті ғой.

- Мәми қария: Мен, мына Орекеңнің сөзін тірілтейін. Бірде, Қарекен екі күндей шопыр болдым. Құмға мал аралауға шығатын болдық. Сонда Қарекен маған: «Мәми, жақсылап қымыранға тойып ал, жолда тамақ жоқ» деді. Ол уақытта жаспын, көлікті де жақсы жүргізе алмаймын. Бәлкім, маған сеніңкіремді ма екен. Әйтеуір, барған жерімізде мені көліктің жанына қалдырып, өзі қойшының атына мініп, жақын маңдағы қой ауылдарды аралап кеп отырды. Не керек, таңертең ерте шықсақ та кешке дейін 1 ферманы аралап, 2 фермаға дейін әрең жетіп жығылдық. Сонда мен басшы едім-ау, деген ой жоқ қой. Басқа адам болса, көлік барған жерге дейін барады дағы кейін қайта салады ғой. Жалпы, таза, адал адам ғой.

**-Мәке! Осы баяғы ауыл ақсақалдары: «Парторгтарға дейін жұмсап, қара жұмысқа салып жіберетін еді-деп, күліп отырушы еді ғой. Сол Қарекен осы кісі ма?**

- Иә, осы Қарекен. Тағы да бірде, яғни, мен оқуды бітіріп келгенмін. Әбдірәсіннің Әдіші деген қария бас экономист. Үшеуіміз отырғанымыз-

да: «Әй, Әдеке! Мына, Мәми оқу бітіріп келген екен, қандай бос шатың бар?» деді. Әдекең: «Ойбай, Қарекен-ау! Қайдағы штат, бос орын жоқ қой» деп жауап қайырды. Сонда Қарекен: «Әдеке, директордың қорынан 120 мың сом ақша бөлімдері дағы, дала құдықтарының механигі деген штат ашып, жұмысқа ал!» деді. Сөйтіп, қыстай сол құдықтарды аралап, бұзылғанын жөндеп, көктемге дайындап жүрдім. Күндердің бірінде бір ферманың құдығы бұзылып қалып, ары-бері қарап жөндей алмадым. Тіпті, сол кезге дейін әбден насос жөндеп маман болған Базарбай мен Дәуіш қарияларды да апардым. Бірақ, олар да жөндей алмады. Содан, бір күні қар жауып тұр, мен екі жөнімді түріп тастап ақауын табуға кірісіп кеткенмін. Бір уақытта қайдан келгенін, Қарекен сап ете қалмасы бар ма! Дәл соның алдында-ақ,

кеңшардың парторгы, жұмысшыкомы, бас зоотехнигі мен веттехнигі бар не керек, бір он шақты адам бір қойды сойдырып қойып, карта ойнап жатқан. Қарекен қасыма келді дағы: «Әй, Мәми! Болды қоя сал, болмайын деген нәрсе болмайды. Бір су таситын көлік қоямыз, уақытша суды тасымалдай тұрасыңдар!» деп, өзі қойшының үйіне кіріп кетті. Бір кезде Қарекеннің дауысы қаттырақ шығып кетті, қарасам, іштегі басшысымақтардың бәрін тырқыратып қуып шықты. Әрқайсысына әртүрлі тапсырма берді дағы, жан-жаққа таратып жіберді. Сойылып, қазанда асылып жатқан ет те картада жайына қалды. Міне, бұл мен куәсі болған бір ғана оқиға еді. Жалпы, Көшкінов өте іскер әрі талапшыл басшы еді ғой! Иә, бірді айтып, бірге кетеміз. Жалпы, кеңшар құрылған уақытта жоғарыда айтқан Әбдірәсіннің Әдіші деген қария кеңшардың бас экономисі болды. Ал, бас есепшісі еңгезердей бір орыс болатын. Қазір аты-жөні есімнен шығып отырғаны. Қарекеннің іскерлігінің бір белгісі де осында, айналасына кілең мықты мамандарды жинақтаған. Егер жаңылмасам, Өмірбеков Есіркеп қария кеңшардың ең алғашқы парторгы еді. Ал, Жұмаділдә мен Батырхан бірі бас агроном, екіншісі бас мал дәрігері екі-үш жылдан соң келді.

**-Дұрыс! Енді сол Калинин кеңшарының құрамына қандай ұжымшарлар біріктірілді және қанша фермаға бөлінді кеңшар?**

-Оразбек қария: Данияр, шырағым! Мақұл десең сенің сұрақтарыңа жауап берместен алдын өзім жайлы бір-екі ауыз сөз айта кетейін. Мен 1936 жылы дүниеге келдім. 1946 жылы мектепке барып, 1956 жылы бітірдім. Міне, сол жылдан бастап әуелі Калинин атындағы ұжымшарда, кейіннен Калинин кеңшарында жер жыртып, кетпен шауып, 10 жылға жуық қара жұмыс істеп жүрдім. Алғашқыда Калинин ұжымшарын Орынбаев Елікбай қария басқарды. Оспанов Нұрмыш қария орынбасары болды. Ал енді, «Калинин, Қарасуан, Қызыләскер, Жеткеншек, Жартытөбе, Бабата, Жұмысшы, Қарабұлақ» ұжымшарлары бірігіп, Калинин атындағы алып кеңшарды құрды ғой. Сондай-ақ, кеңшар № 1, 2, 3 және 4 фермаларға бөлінді. Бұл фермаларды Анарбеков Омарбек, Ниязбеков Сәкеннің әкесі Сәрсенқұл т.б қариялар басқарды. Ірі қара малдың бәрін (түйе, жылқы және сиыр) жиы бір ферма, 4 ферманы жасақтады.

Содан, 1962 жылы Жартытөбе өз алдына кеңшар болып, Калининнен бөлініп кетті. Баяғы, Малдыбеков Спағұл сол Жартытөбеге басшы боп барды.

Негізінен, кеңшар мал шаруашылығымен және егістікпен айналысты. Өйткені, мал болған жерде оған жем- шөп қажет өзің білесің. Міне, сол тұста егістік жерлерді басқару да үлкен жұмыс еді. Бердімұратов Нармет деген полевод (егіс шаруашылығын жүргізуші) болды. Мен сол, Нарметтің жанында есепші боп қызмет істедім. Кейін, Нарметтің орнына Опанов Бабаш деген ұлы Отан соғысының ардагері келді. Орынбаев Елікбай мына Мәкең айтқандай «30 жылдық» деген бағдарламамен оқып келіп, Кенжеғұл қарияның орнына Калинин ұжымшарының басшысы болған еді. Кеңшар құрылып, Қарекең келген соң құрылыс жағын басқарды.

өтуін қадағалайтынмын. Жалпы, кеңшардың барлық техникасының есебі менде тұратын.

-Оразбек қария: «Жоғарыда аты аталған азаматтардан бөлек, тағы бірнеше азаматтың атын айрықша атағым кеп отыр. Олар: Анарбеков Омарбек, Атажанов Жолдас, Сүннетов Тасқожа, Смаилов Өтеп, Көшкінов Қаратай, Байымбетов Қалы, Ерімбетов Жұмаділла. Осылардың ішінде Атажанов Жолдасекең тағы да Отан соғысының ардагері ғой. Беларусь майданында генерал Талбухынның жеке күзетшісі болған. Негізінде, ол кісі Талбухынның жанында жүргені жайлы айтылар әңгіме көп, бірақ, ол енді келесі бір мақалаға сұранып тұрғаны хақ. Мен тағы да мына, Ерімбетов Жұмаділла деген азаматқа ерекше тоқталып өткім кеп отыр. Себебі, Жұмаділлаекеңнің де ауданымыздың экономикасы үшін өткен еңбегі

еді. Негізі, ауданның хатшысы болған Қоспанбетов те Ырзалы мен Әлқуат та Қызылорданың жігіттері. Қоспанбетов ауданға басшы боп келген соң, өзі сенетін, іскер азаматтарды алдырған ғой. Алғашқыда Ырзалы Жартытөбеде зоотехник боп қызмет істеді. Кейін, Калинин кеңшарына қарасты №1 ферманың зоотехниге болып келді. Сондай-ақ, беріде екі ферманы біріктіріп, Ырзалының меңгеруші етіп тағайындады. Ырзалы да кеңшар үшін көп еңбек етті.

-Оразбек қария: Махалиев Ырзалы 1958 жылы Анарбеков Омарбек қарияның орнына №1 фермага меңгеруші боп келді. Екеуіміз ұзақ жылдар бойы бірге жұмыс істедік. Дәулетов Әлқуат зоотехник еді. Не керек, Ырзалыекең табандай 24 жыл ферма меңгерушісі боп қызмет істепті ғой. Міне, осыдан біле бер оның қандай іскер азамат екенін.

*сыздар, сол бір кездегі алып кеңшарларды таратқанның біздің аудан экономикасына пайдасы тиді ме, әлде зияны тиді ме?*

- Оразбек қария: «Енді, бәрі сол кездегі солақай саясаттың салдары ғой. Әйтпесе, ауданымыздағы 41 ұжымшарды 10 кеңшарға айналдырғанымыз есепті ауданымыздың ауыл және мал шаруашылығы алға ілгерілемесе кері кеткен жоқ қой. Керісінше, облысты қойып, Республика бойынша алдыңғы қатарлы шаруашылықты аудандар қатарына қосылдық. Қаншалық еңбек озып шықты. Жоғарыда жетерінше айтып өттік қой. Кеңшар құрғаннан ұтпасақ ұтылған жоқпыз. Керісінше, кеңшарды таратқаннан, жалпы сол кездегі жаппай жекешелендірудің зардабын ауданымыз ғана емес, бүкіл ел боп тарттық. Не деген мал, техника, ғимараттар белгілі бір топтардың талауына түсіп, нәтижесінде, тоқыраудың зардабын халық шекті емес пе? Шіркін-ай, есімізге түссе күні бүгінге дейін ішіміз ашиды. Тура, Абылайханның түсіндегідей дүние орын алды ғой. Алып кеңшарлар, әуелі ұжымшарларға бөлінді. Одан, жеке шаруақожалықтарға айналып, ауданымыздың ауыл және мал шаруашылығы тұра алмастай тұралап қалды ғой. Әрине, соңғы уақыттары мемлекет тарапынан ауыл және мал шаруашылығына көңіл бөлініп, қаржылай қолдау боп жатыр. Дегенмен, кеңшарды көрген біздер үшін ол жұмыстар теңізге құйған тамшыдай ғана көрінеді ғой. Қанеки, әлі де сол кішігірім шаруақожалықтарды кооперативтерге біріктіріп, ірілі-ұсақты шаруашылықтар қалыптастыра алсақ, нұр-үстіне нұр болар еді. Бірақ, қазір шаруақожалар жеке меншіктің дәмін татып алды, қайта бірігулері қиын болады-ау. Барыңды бағалай алмасаң, болатыны осы шырағым!

Сөз соңында. Иә, құрметті оқырман! Өздеріңіз оқып отырғандай,

# БҮГІНГІ ТАРИХ

*-Жаңа, мал шаруашылығымен қатар Калинин кеңшары егіспен де айналысты дедіңіздер ғой. Ендігі сұрағым, егістің нақты қай түрімен айналыстыңыздар және Шолаққорғанның қай тараптарына ектіңіздер?*

-Оразбек қария: Негізінен, арпа, бидай, жүгері егетінбіз. Ұжымшарлар кезінде мақта да екен уақыттарымыз болды. Арасында мақсары да егілді. Қарап отырғанша әңгіме болсын. Бірде, Жұмысшының жеріне мақсары екен. Содан ауданның хатшысы Б. Ахметов барса мақсарының ұрығының бәрі жердің бетінде жатыр дейді. Көмілмей қалған ғой. Сөйтіп, үлкен жанжал шығып, Сартай қария сотталып кете жаздаған. Сонда да Көшкінов араға түсіп алып қалған. Жалпы, барша кеңшарлар секілді Калинин кеңшарының басты байлығы қой шаруашылығы еді ғой. Әдепкіде, яғни, ұжымшарлардың уақытында Жынысбаев Әбділда мен Тастанов Үббі қариялар «Социалистік Еңбек Ері» атанған болатын. Кейіннен, сол Байымбетов Қалы қария бірнеше рет «Ленин» орденнің иегері, Жоғарғы Кеңестің депутаты атанды.

*-Мәке, Ореке! Көшкіновтан соң кеңшарды кімдер басқарды?*

-Мәми қария: Қарекеңнен соң, тағы бір Қарекең басқарды кеңшарды. Әбенев Қарауыл деген мына Бабатаның тумасы болатын. Онан кейін Сартбаев Қарахан келді. Мұның екеуі де іскер азаматтар еді. Әсіресе, Сартбаев білімді де білікті адам еді. Ол кісінің басты ерекшелігі сол, еңбек адамдарын қатты бағалайтын. Бірде қойшыларға айтыпты ғой: «Әуелі сендер байыңдар, өйткені еңбек сендердікі» деп. Сосын, Қараханекең келгеннен соң біз қосымша сыйақы ала бастадық қой. Ол кісіге дейін жүгері тасыған механизаторларға сыйақы беретін дағы, жүгерінің паясын (силос) таситындарға бермейтін. Сөйтіп қып-қызыл айқай, дау боп жататын. Сартбаев келді дағы барлығына теңдей бергізді. Әр жылдың соңында, егін-жиынның қорытындысы ретінде трактористерге кәдімгідей қомақты сыйақы бергізетін. Бірсөзбен айтқанда қарапайым жұмысшының еңбегі бағаланған бір кезең болды ғой. Ол уақытта мен Калинин кеңшарының көліктері тұратын автотұрақтың (гараж) меңгерушісі болатынмын және қосымша жұмысшылар кәсіподағының төрағасы болдым. Шыққан-кірген көліктердің барлығының құжатының дұрыстығына, ақауының болмауына мен жауапты болатынмын. Ақауы болған жағдайда әкілдеп, қосалқы бөлшектер алдырып, жөндеуден

ерен. Жалпы, өзі мына Түркістанның жігіті болатын. Жұмаділла алғашқыда Шу кеңшарына барып, ағаш отырғызып үйлер соғып, ауылда көптеген жұмыстар атқарды. Одан Сызғанға келді. Сен де білесің, Сызғанға кіре берістегі талдар бар ғой жолдың екі шетінде жайқалып тұрған, сол Жұмаділла ектірген ағаштар. Мұнан кейін, Заготскотта, Калинин кеңшарында директор болды. Қазіргі таңда неше әкім келіп, тал егіп, көгерте алмай кетіп жатыр ғой. Ал, Жұмаділла екен талдар күні бүгінге дейін ауданымызға көрік беріп тұр. Тіпті, анау

№1 ферманың бүкіл шаруашылығын бір өзі басқарды. Зоотехник, веттехник, полевод, счетчик, малшы, механизатор бәрінің тілін тапты және өте жақсы басқарды. Ырзалыекеңде өтірік ақпар, жағыну, көпекөрнеу көлгірсу деген болмайтын. Содан, 1994 жылы кеңшар тарағанға дейін бірге жұмыс жасадық.

*-Осы уақытқа дейін, сол кезде мұнан кейін ауданды кімдер басқарды естеріңізде ма?*

- Мәми Қария: Менің, білетінім әуелі Әділ Сасбұқаев, кейін, Төлепбек Назарбеков, сосын барып Қоспанбетов 1-2 жыл басқарды.



қазіргі таңда спорт мектебі орналасқан бау бар ғой, бұрын Калинин кеңшарының мәдениет үйі болған. Сол бауды да Жұмекең жасаған. Сартбаев Қарекеңнен кейін Жұмаділла Калинин кеңшарына басшы боп келді. Әрине, жасы келді ма, шаршаған уақыты ма, әйтеуір Шу, Сызған кеңшарларындағыдай аса белсенді жұмыстар атқарған жоқ. Бірақ, еңбегі бар енді.

-Мәми қария: Жаңа, жоғарыда фермалар мен ферма меңгерушілері жайлы да сұрадың ғой. Сондай ферма меңгерушілерінің бірі Махалиев Ырзалы деген азамат

Төлепбек Назарбековтен соң, Бәкір Ахметов, Досыбай Шерімқұловтар басқарды ауданды. Ал енді ауданымыздың ең бірінші әкімі болып, Омбаев қызмет істеді. Онан кейін, Қуаныш Айтаханов келді. Онан соң ауданымыздан шыққан бірінші әкім Созақбай Әбдіқұлов болды. Созақбай бас-аяғы бір 10 жылдай әкім боп тұрды. Мұнан кейінгілерін өзің де білесің ғой.

*-Иә, Калинин кеңшарының құрылуы мен қалыптасуы, өрлеуі жайы біраз сөз айттық. Ендігі жерде, Кеңшардың ыдырауы жайында әңгімемізді басында айтып қалдыңыздар. Қалай ойлай-*

бұл да бір дәуір, бұл да өмір еді. Кешегі өмір, бүгінге тарих боп қалды. Сонау, Қазан төңкерілісінен кейін орын алған ұжымдастыру, кеңшарға бірігу білдей бір буын ұрпақтың ғұмырын ішіне алып отыр ғой. Біздер, бізден кейінгі ұрпақ сол ата, аға буын ұрпақтың өрлігін, ерен еңбегін ұмытпауымыз, үнемі еске алып жүруіміз қажет. Себебі, біз бүгінгі бейбіт, барлық өміріміз үшін сол буын ұрпақтың алдында қарыздармыз!

**Данияр БЕК.**





